

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/NIUS7438>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Беларусь)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ
ПРОЦЕССА ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ
В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/DGZJ4852>

***Ж. С. Асанова¹, С. Ш. Тилеубай², Ж. Қ. Бисенбаева³,
С. К. Токсанова⁴**

^{1,2,3,4}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

**КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ПРОБЛЕМАСЫ РЕТІНДЕ БОЛАШАҚ
МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КРЕАТИВТІ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қазақстандық білім беру мазмұнын жаңғырту кезеңінде оқигалардың дамуын болжауға, проблеманы тұжырымдауға және күрделі педагогикалық шешімдер қабылдауға қабілетті, сондай-ақ басқаларды өзінің дұрыстығына сендіре алатын мұғалімдерді даярлауға деген қажеттілік артып келеді. Осыған байланысты болашақ педагогикалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту ерекше өзекті болып отыр. Тұлғаның креативтік әлеуетін қалыптастыру мәселесін гуманитарлық ғылымдардың бүкіл жиынтығының ең іргелі мәселелерінің бірі деп санауға болады. Біздің ойымызша, шығармашылық әлеуеттің компоненттік құрылымы, өзара әсер ету және компоненттерді өзара толықтыру мәселесі жеткілікті зерттелмеген. Болашақ педагогикалық білім беру бакалаврларының шығармашылық қабілеттерін дамыту процесі білімнің жеткіліксіз болуына, теориялық және практикалық маңыздылығына байланысты ғылыми негіздемені және әдістемелік қолдауды қажет етеді. Осыған байланысты болашақ мұғалімдердің креативтік әлеуетін жетілдірудің теориялық аспектілері және шығармашылықтың мәнін психологиялық-педагогикалық тұжырымдама ретінде зерттеудің жаңа парадигмалары зерттеледі. Тұлғаның креативтік әлеуетін дамыту мәселесі шығармашылық теориясында жетекші мәселе болып табылады және «шығармашылық», «шығармашылық

процесс», «шығармашылық белсенділік», «шығармашылық іс-әрекет», «шығармашылық тұрғыдан өзін өзі көрсету» және т.б. сияқты категориялар арқылы ашылады. ЖОО студенттерінің – болашақ мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін қазіргі жағдайдағы педагогикалық құбылыс ретінде қарастыру идеясы негізделеді.

Кілтті сөздер: қалыптастыру, креативтілік, әлеует, болашақ мұғалімдер, жоғары мектеп, жағдай және тенденциялар.

Кіріспе

Университет жағдайында тұлғаның креативтік әлеуетін қалыптастыру проблемасы оның әртүрлі аспектілерін көрсететін мәселелер жиынтығын біріктіреді: тұлға тұтас интегралды жүйе ретінде, оның мәні мен осы жүйедегі орны, жоғары білім беру жүйесіндегі жоғары білікті маманның шығармашылық әлеуетін қалыптастыру ерекшеліктері. Осыған байланысты болашақ педагогикалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту ерекше өзекті болып отыр.

Зерттелетін тақырыптың өзектілігі мәселенің әлеуметтік-педагогикалық, ғылыми-педагогикалық және практикалық тұрғыдан маңыздылығымен және болашақ педагогикалық білім беру мұғалімдерін даярлау үшін жеткіліксіз дамығандығымен негізделеді.

Осыған байланысты жаңа формацияның болашақ мұғалімінің «креативтік әлеует» деген жалпы ұғымымен аталуы мүмкін кәсіби және жеке қасиеттер жиынтығының қалыптасуын дамыту міндеті бүгінгі таңда ерекше өзектілікке ие. Тұлғаның креативтік әлеуетін дамыту мәселесі шығармашылық теориясында жетекші мәселе болып табылады және «шығармашылық», «шығармашылық процесс», «шығармашылық белсенділік», «шығармашылық іс-әрекет», «шығармашылық тұрғыдан өзін өзі көрсету» және т.б. сияқты категориялар арқылы ашылады.

Нәтижесінде ерекше, қайталанбас құндылықтар құрылатын шығармашылықтың жалпы мәселелерін ақыл-ой мен практикалық іс-әрекеттің айрықша түрі ретінде Бэррон, Боден, Хеннесси, Штернберг және т.б. қарастырды.

Жоғарыда келтірілген зерттеулердің ғылыми маңыздылығына қарамастан, жалпы шығармашылық және шығармашылық әлеует теориясының аяқталмағандығын және сөзсіз ғылыми қызығушылық тудыратынын атап өтеміз. Біздің ойымызша, шығармашылық әлеуеттің компоненттік құрылымы, өзара әсер ету және компоненттерді өзара толықтыру мәселесі жеткілікті зерттелмеген. Біздің көзқарасымыз бойынша, смарт білімнің шығармашылық процестердің өнімділігін арттыруға және нәтижесінде шығармашылық әлеуеттің деңгейін арттыруға әсері туралы

қосымша зерттеу жүргізу қажет. Біздіңше, әзірге шашыраңқы элементтер түріндегі креативтік әлеуетті кешенді дамытудың педагогикалық жүйесін құру маңызды қажеттілік болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: кәсіптік білім беру мәселелерін тиімді шешу үшін ЖОО студенттерінің креативтік әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттары жүйесін теориялық негіздеу.

Міндеттері: 1) педагогика тұрғысынан «креативтік әлеует» ұғымын мазмұнды нақтылау мақсатында креативтілік теориясының негізгі ұғымдарының мазмұнын зерттеудің қазіргі заманғы тәсілдерін талдау; 2) педагогикалық ортада креативтік әлеуетті дамыту үшін жалпы талаптарды тұжырымдау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін кәсіби білім беру проблемаларын тиімді шешу стратегиясы ретінде болашақ мұғалімдердің креативтік әлеуетін дамыту бойынша теориялық-әдіснамалық талдау, философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік зерттеулерді синтездеу және жүйелеу әдістерінің кешені пайдаланылды.

Тұлғаның креативтік әлеуетін қалыптастыру мәселесін гуманитарлық ғылымдардың бүкіл жиынтығының ең іргелі мәселелерінің бірі деп санауға болады. Мұнда философия мен экономика, тарих пен психология, генетика мен физиология, педагогика мен эргономика ғылымдарының мүдделері ұштасады. Әрине, ғылыми танымның белгілі бір саласында «креативтік әлеует» ұғымының түсінігі әртүрлі мағынаға ие және әр жағынан (тақырыбына қарай, мақсатты нұсқауға, әдіснамалық негізге байланысты) қарастырылады. Мәселенің күрделілігін, көп өлшемділігін, сондай-ақ зерттеліп дайындалуының жеткіліксіз болуын ескере отырып, біз жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің мәнін анықтаудың кейбір тәсілдерімен шектелеміз.

Осы мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау «шығармашылық әлеует» ұғымының нақты шекараларының жоқтығын анықтады. Бұл термин көбінесе шығармашылық белсенділіктің синонимі ретінде қолданылады немесе оның мағынасы шығармашылық іс-әрекетке қатысты болады немесе ол шығармашылық қабілеттермен теңестіріледі. Шығармашылықтың мәнін түсінбестен креативтік әлеуеттің табиғатын түсіну мүмкін емес және бұл мәселеде көптеген қарама-қайшы пікірлер, көзқарастар, теориялар және т.т. бар.

Зерттеушілердің көпшілігі шығармашылықты «сапалы жаңа материалдық және рухани құндылықтарды құратын адам қызметінің процесі» [1] ретінде «адамның белсенділігі мен тәуелсіздігінің ең жоғары формасы» деп белгілейді [2, 3].

Соңғы жылдары шығармашылық ұғымы көптеген ғылымдар талдаған тақырып болды.

Біздің зерттеуіміз үшін бұл анықтамада жаңалықтың, сонымен қатар шығармашылық процестің объективті де, субъективті де маңызы болуы өте қызықты.

Bashina T. F. шығармашылықты «туындаған мәселені бұрыннан белгілі тәсілдермен шешуге арналған, талап етілгеннен тысқары оның ең жоғары формасындағы ойлау», – деп сипаттайды [4].

Зерттеушілер G. N. Bozhkova, E. M. Shastina, O. V. Kalimullina, Shatunova O. V. «Шығармашылық белгілі бір ақпаратты бағалауды оның дереккөздерінің беделімен байланыстырмай, өз бетінше дербес ойлауға қабілетті ақыл-ой иелеріне тән», – деп санайды [5].

P. I. Kartashov шығармашылықты жаңа құндылықтарды, соны идеяларды құруға, түбегейлі жаңалық ашуға немесе белгілі бір мәселені шешуді жетілдіруге бағытталған адам қызметінің формасы ретінде белгілейді [6, 7].

Кейбір авторлар бұл ұғымды өте кең түсіндіреді және тіпті оны «даму» ұғымымен теңестіреді.

V. A. Kan-Kalik, N. D. Nikandrov [8], «шығармашылық» ұғымын талдай отырып, оның сан алуан түрлері мен деңгейлеріне назар аударады. «Сөздің кең мағынасында қолдансақ, шығармашылық немесе адамның ойлауы мен адам тәжірибесіне тән бірінші деңгейдегі шығармашылық – бұл адамның ойлау мен тәжірибесіне тән іс-әрекет, оның барысында: біріншіден, объективті шындықта жоқ заттар мен құбылыстар қалыптасады; екіншіден, адам жасаған материалдық және рухани шығармалар одан әрі дамиды және жетілдіріледі; үшіншіден, нақтылы нәрселерді субъективті қайта құрудың әдістері, формалары, құралдары жасалады. Сөздің тар мағынасындағы шығармашылық немесе екінші деңгейдегі шығармашылық адамның ойлауына және адамның іс-әрекетіне жоғары талаптар қояды.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты үшін креативтілікті «өмір сүрудің жаңа образы қажеттілігіне бейімделуге әрекет ету қабілеті» ретінде қарастыратын E. Chitsaz, M. Tajrou, E. Hosseini, H. Khorrang, S. Zorrieh [9] ұстанымы маңызды болып табылады. Авторлар кәсіби және педагогикалық қызметке қолданылатын ең маңызды қабілеттердің бірін бөліп көрсетеді.

Біз жүргізген талдау көрсеткендей, креативтілік әрдайым адам іс-әрекетінің бір түрі ретінде бөлектенбей, бірақ интегративті түрде олардың біртұтас бірлігінде көрінетін бірқатар маңызды белгілермен сипатталады.

Жұмыста біз шығармашылық міндеттерді шешу арқылы тұлғаның креативтік әлеуетін дамытуды қарастырамыз, сондықтан біз келесі тұжырымдаманы ұстанамыз: креативтілік – бұл жаңа құндылықтарды, жаңа

идеяларды құруға бағытталған адам іс-әрекетінің формасы; бұл дегеніміз-түбегейлі жаңалықтың ашылуы немесе белгілі бір міндетті шешуді жетілдіру. Бұл сонымен бірге нәтижеге жету процесі, онда адам өзінің әлеуеттік күштері мен қабілеттерін жүзеге асырады және өзі дамиды. Адам іс-әрекетінің кез-келген саласындағы «креативтілік» критерийі бұрын белгісіз болған жаңаны жасау болып табылады. Сонымен қатар, жаңалық фактісі ғылыми жаңалықпен немесе өнер туындысының пайда болуымен байланысты болмауы керек: бұрыннан белгілі нәтижеге қол жеткізудің ерекше жолы, міндетті қою және шешу, проблемалар, түсіндіру және т.т. іс-әрекеттер жаңа деп танылуы мүмкін.

80-ші жылдардың екінші жартысында жаңа бағыт – педагогикалық қызметті креативтік процесс ретінде зерттеу бағыты пайда болды. Кәсіби қызметі көптеген креативтік міндеттерді ұдайы шешу қажеттілігін талап ететін болашақ мұғалімнің креативтік әлеуетін дамытуға байланысты мынадай зерттеулер ерекше орын алды:

- әртүрлі әлеуметтік-мәдени жағдайларда білім беру процесін ұйымдастыру;
- оқу-тәрбие процесін жобалау, іске асыру және түзету;
- оқу-бағдарламалық құжаттарды әзірлеу (жеке бағдарламалар, авторлық курстар, эксперименттік оқулықтар және т.т.), оны білім беру мазмұнын қалыптастыру үшін қолдана білу;
- оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнын сараптауды жүзеге асыру;
- авторлық эксперименттік оқу-әдістемелік кешендерді және т.т. әзірлеу және білім беру процесіне енгізу

Мұғалімнің креативтік әлеуеті неғұрлым дамыған болса, оқушының жеке басының дамуы мен өзін-өзі дамыту процесінде тиімді көмек көрсету үшін шәкірттермен тиісті өзара әрекеттесудің дұрыс әдістері мен тәсілдерін табу оңайырақ болады. Сондай-ақ, креативті адам, шығармашылық әлеуеті байқалмаған адамдармен салыстырғанда, қарым-қатынаста тартымды екенін атап өткен жөн. Ол адамдарды өзіне баурап, тартады, ал бұл жеке қасиет мұғалім мамандығы үшін маңызды.

Бүгінгі таңда жоғары педагогикалық білім берудің өзекті міндеттері, біздің ойымызша, мыналар болып табылады:

- болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігінің маңызды психологиялық компоненттерін дамыту;
- студенттің гуманитарлық мәдениетін дамыту, ол жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал етеді, «оның алдында тұрған проблемалардың жаһандық сипатын көре білуге мүмкіндік береді»;
- студенттердің философиялық, шығармашылық, ізденушілік ойлауын қалыптастыру.

Бұл дегеніміз, теориялық тұрғыдан да, практикалық жағынан да мұғалімнің әр қадамын, оның әр іс-әрекетін суреттеп көрсету, барлық өмірлік жағдайларға рецепт беру мүмкін емес.

Демек, педагогикалық міндеттердің басым көпшілігін шешу шығармашылық мәселе болып табылады, міне, сондықтан, тұтас алғанда, мұғалімнің шығармашылық кәсіби-педагогикалық қызметі туралы айту керек.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазіргі уақытта креативтіліктің мәнін анықтауға көзқарастардың екі тобы бөлінеді: А) ішкі тұлғалық көздерді іздеуге және жеделдетуге бағытталған тәсілдер; б) шығармашылық процесті ұйымдастыруға бағытталған тәсілдер. Бірінші топқа психоанализ, психометрия, гуманистік психология тұрғысынан шығармашылықты қарастыратын тәсілдер кіруі мүмкін. Осы тәсілдердің маңыздылығын төмендетпей, бұл бағыт ұсынылған зерттеу шеңберінен тыс екенін атап өтеміз.

Біздің ойымызша, креативтілікті процесс ретінде қарастыру неғұрлым қызықты. Процеске бағытталған тәсілдер тобына адамның шығармашылығы мәселенің шешімін іздестіру процесінде қашық ассоциацияларды табу қабілетінің нәтижесі деп санайтын ассоционистер ұстанымын жатқызуға болады. Гештальт психологиясы бойынша шығармашылық ойлау логикалық емес, қадамдық әрекеттер де емес және жеке дара ассоциациялар да емес, тұтас жағдайды неғұрлым нақты қайта құрылымдау болып табылады.

Егер шығармашылық белгілі бір ерекшелігі бар және жаңаны құруға әкелетін процесс ретінде түсінілсе, онда креативтік әлеует адамның ішкі ресурсы ретінде қарастырылады.

Логика мен шығармашылықтың өзара әрекеттесу ерекшелігіне R. G. Rezakov назар аударады [10]. Шығармашылық қабілеттерді дамытатын бағдарламалар құрудың әртүрлі тәсілдері белгілі. Бұл бағдарламалардың басым көпшілігі креативтіліктің белгілі не өзге де бір түрлерін дамытуға бағытталған [11]. Торранс шығармашылық қабілеттің осындай элементін дивергентті ойлау ретінде жаттықтыруды мойындады, сондықтан оның әдістемесінің негізін қалаған жетекші идея сыртқы шектеулер мен ойлау стандарттарын еңсеру идеясы болды [12].

Сонымен қатар біз шығармашылық әлеуетті іске асырудың тиімділігін арттырудың жаңа факторын, атап айтқанда, тұлғаның коммуникативтік компонентін енгізу арқылы ұсынылатын әдістемелер шеңберін кеңейтеміз.

Эксперименттің мақсатын осылай нақтылау оның барысында шешілетін міндеттер шеңберін анықтайды.

Бірінші міндет – студенттердің креативтілік және шығармашылық процесс туралы білімдер жүйесін қалыптастыру. Арнайы курс түрінде

ұсынылған эксперименттің гносеологиялық негізі үш типті білімді қамтиды: тұжырымдамалық, нақты пәндік және процедуралық-психологиялық білім.

Бұл проблемаларды көру, мақсаттар қою және бағалау, шешімдер нұсқаларын тандау, жағдайдың дамуын болжау, сценарийлер құру, шешімдерді ұжымдық іздеуде өзара әрекеттесу қабілетіне байланысты.

Бұл мәселені шешуге жалпы тұлғаның креативтілігін және әсіресе оқу-педагогикалық мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешу қабілетін дамытатын тренингтер арқылы қол жеткізіледі.

Үшінші міндет – студенттердің шығармашылық процестерді катализдейтін қолайлы коммуникативтік орта құру дағдыларын дамыту.

Студенттер – болашақ мұғалімдер шығармашылығының эвристикалық құрауышын дамыту бойынша біз ұсынатын сабақтар жүйесінің негізі «Тұлғаның креативтік әлеуетін дамыту» арнайы курсы болып табылады. Креативтіліктің логикалық құрауышын дамытатын шешім қабылдау технологиясы бойынша практикум біздің жұмысымыздың үшінші буыны болып табылады.

Қорытынды

Қазіргі заманғы шындыққа сүйене отырып, жоғары оқу орындарындағы педагогикалық білім бакалаврларын кәсіби және педагогикалық даярлаудың басты мақсаты – шығармашылық даралыққа және ерекше креативтік ойлау қасиетіне ие тұлғаны дамыту. Жақсы түлектер деп аталу үшін тек арнайы білім алу жеткіліксіз, жеке тұлғаның талаптылығына, шығармашылық әлеуетіне сәйкес келетін қасиеттерінің дамуын ескеру қажет.

Мұның бәрі, біздің ойымызша, қызметі креативтіліксіз, өзгешеліксіз болмайтын және шығармашылық әлеуетті іске асырусыз мүмкін емес педагогикалық білім бакалаврларын даярлауда көрініс табуы керек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Байгильдина, З. Ф.** Творческий потенциал личности [Текст] // Вестник Башкирского университета. – 2008. – № 3. – С. 52–64.

2 **Дарамасева, А. А.** Модель формирования творческой личности учащегося [Текст] // Вестник СВФУ. – 2008. – № 3. – С. 47–52.

3 **Фисюк, Т. Т., Захарова, Е. Ю.** К вопросу о проблеме формирования творческой личности студента в процессе реализации индивидуального подхода [Текст] // Учёные записки (АГАКИ). – 2018. – № 1(15). – С. 51–56.

4 **Сокольникова, Э. И., Романенко, А. Ю., Хапалажева, Э. А.** Формирование творческой активности студентов в условиях образовательной

среды вуза [Текст] // Педагогика и психология образования. – 2017. – № 2. – С. 102–109.

5 **Чиркова, В. М.** Развитие творческого потенциала студентов, изучающих русский язык как иностранный [Текст] // Карельский научный журнал. – 2017. – № 4 (21). – С. 95–98.

6 **Никулова, Е. А.** Формирование творческой самореализации студентов как основополагающей компетенции будущих специалистов [Текст] // Природные системы и ресурсы. – 2016. – №2 (16). – С. 57–64.

7 **Серёжникова, Р. К.** Концептуально-теоретическая модель актуализации творческого потенциала будущего педагога в контексте формирования его творческих компетенций [Текст] // Вестник ПГУ им. Шолом-Алейхема. – 2015. – № 1 (18). – С. 89–99.

8 **Сорокоумова, Г. В.** Системный подход к пониманию творческой личности педагога и механизма ее развития [Текст] // Интеграция образования. – 2010. – № 2. – С. 90–94.

9 **Буддакова, И. В., Сушко, А. В.** Управление творческим потенциалом [Текст] // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. – 2014. – № 3 (1). – С. 158–161.

10 **Цыренова, Т. Л.** Развитие творческого потенциала учащихся как педагогическая проблема [Текст] // Вестник Бурятского государственного университета. – 2011. – №1. – С. 131–136.

11 **Малунова, Г. С.** Творческое становление личности: проблемы и поиск путей решения в школе [Текст] // Вестник Бурятского государственного университета. – 2012. – №1 (2) – С. 66–68.

12 **Санникова, А. И.** Развитие творческого потенциала личности средствами образования: теория и опыт научного исследования [Текст] // Вестник ПГГПУ. Психологические и педагогические науки. – 2014. – № 2-1. – С. 93–101.

REFERENCES

1 **Baigildina, Z. F.** Tvorcheskii potentsial lichnosti [Personal creativity] [Text]. Vestnik Bashkirskogo universiteta. – 2008. – № 3. – P. 52–64.

2 **Daramaeva, A. A.** Model formirovaniia tvorcheskoi lichnosti uchashchegosia [The model of the formation of the student's creative personality] [Text]. Vestnik SVFU. – 2008. – № 3. – P. 47–52.

3 **Fisiuk T. T., Zakharova E. Iu.** K voprosu o probleme formirovaniia tvorcheskoi lichnosti studenta v protsesse realizatsii individualnogo podkhoda [On the problem of the formation of a student's creative personality in the process

of implementing an individual approach] [Text]. Uchenye zapiski (AGAKI). – 2018. – № 1(15). – P. 51–56.

4 **Sokolnikova, E. I., Romanenko, A. Iu., Khapalazheva, E. A.** Formirovanie tvorcheskoi aktivnosti studentov v usloviakh obrazovatelnoi sredy vuza [Formation of creative activity of students in the educational environment of the university] [Text]. Pedagogika i psikhologiya obrazovaniia. – 2017. – № 2. – P. 102–109.

5 **Chirkova, V. M.** Razvitie tvorcheskogo potentsiala studentov, izuchaiushchikh russkii iazyk kak inostrannyi [Development of the creative potential of students studying Russian as a foreign language] [Text]. Karelskii nauchnyi zhurnal. – 2017. – № 4(21). – P. 95–98.

6 **Nikulova, E. A.** Formirovanie tvorcheskoi samorealizatsii studentov kak osnovopolagaiushchei kompetentsii budushchikh spetsialistov [Formation of creative self-realization of students as the fundamental competence of future specialists] [Text]. Prirodnye sistemy i resursy. – 2016. – № 2(16). – P. 57–64.

7 **Serezhnikova, R. K.** Kontseptualno-teoreticheskai model aktualizatsii tvorcheskogo potentsiala budushchego pedagoga v kontekste formirovaniia ego tvorcheskikh kompetentsii [Conceptual and theoretical model of actualizing the creative potential of a future teacher in the context of the formation of his creative competencies] [Text]. Vestnik PGU im. Sholom-Aleikhema. – 2015. – №1(18). – P. 89–99.

8 **Sorokoumova, G. V.** Sistemnyi podkhod k ponimaniiu tvorcheskoi lichnosti pedagoga i mekhanizma ee razvitiia [A systematic approach to understanding the creative personality of a teacher and the mechanism of its development] [Text]. Integratsiia obrazovaniia. – 2010. – № 2. – P. 90–94.

9 **Buldakova, I. V., Sushko, A. V.** Upravlenie tvorcheskim potentsialom [Creativity management] [Text]. Aktualnye problemy gumanitarnykh i estestvennykh nauk. – 2014. – № 3(1). – P. 158–161.

10 **Tsyrenova, T. L.** Razvitie tvorcheskogo potentsiala uchaschikhsia kak pedagogicheskai problema [Development of the creative potential of students as a pedagogical problem] [Text]. Vestnik Buriatskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2011. – № 1. – P. 131–136.

11 **Malunova, G. S.** Tvorcheskoe stanovlenie lichnosti: problemy i poisk putei resheniia v shkole [Creative personality formation: problems and search for solutions at school] [Text]. Vestnik Buriatskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2012. – № 1(2) – P. 66–68.

12 **Sannikova, A. I.** Razvitie tvorcheskogo potentsiala lichnosti sredstvami obrazovaniia: teoriia i opyt nauchnogo issledovaniia [Development of a person's creative potential by means of education: theory and experience of scientific

research] [Text]. Vestnik PGGPU. Psikhologicheskie i pedagogicheskie nauki. – 2014. – № 2(1). – P. 93–101.

Материал 17.03.22 баспаға түсті.

Ж. С. Асанова¹, С. Ш. Тилеубай², Ж. Қ. Бисенбаева³, С. К. Токсанова⁴

^{1,2,3,4}Қызылординский университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан, г. Кызылорда.

Материал поступил в редакцию 17.03.22.

ФОРМИРОВАНИЕ КРЕАТИВНОГО ПОТЕНЦИАЛА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ КАК ПРОБЛЕМА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В период модернизации казахстанского содержания образования возрастает потребность в подготовке учителей, способных прогнозировать развитие событий, формулировать проблему и принимать сложные педагогические решения, а также уметь убеждать их в своей правоте. Процесс развития творческих способностей будущих бакалавров педагогического образования требует научного обоснования и методического обеспечения в связи с недостаточностью знаний, теоретической и практической значимостью. В этой связи исследуются теоретические аспекты совершенствования креативного потенциала будущих учителей и новые парадигмы исследования сущности творчества как психолого-педагогической концепции. Обосновывается идея рассмотрения творческого потенциала студентов вузов – будущих учителей как педагогического явления в современных условиях. Авторы ранжировали компоненты творческого потенциала и определили компоненты, наиболее подверженные учебно-педагогическому воздействию. Сформулированы требования к социально-педагогической среде и формам обучения, наиболее способствующим развитию творческого потенциала.

Ключевые слова: система ценностей; студенты; высшие учебные заведения; анализ; научные статьи; состояние и тенденции.

Zh. S. Assanova¹, S. Sh. Tileubay², Zh. K. Bissenbayeva³, S. K. Toxanova⁴

^{1,2,3,4}Korkyt Ata Kyzylorda University,

Republic of Kazakhstan, Kyzylorda.

Material received on 17.03.22.

FORMATION OF THE CREATIVE POTENTIAL OF FUTURE TEACHERS AS A PROBLEM OF PROFESSIONAL EDUCATION

In the period of modernization of the Kazakhstani educational content, the need for training the teachers capable of predicting the development of events, formulating a problem and taking difficult pedagogical decisions, and also be able to convince others that they are right, increases. The process of developing the creative abilities of future bachelors of pedagogical education demands scientific substantiation and methodological support due to insufficient knowledge, theoretical and practical significance. Therefore, the theoretical aspects of improving the creative potential of future teachers and new paradigms for the research into the essence of creativity as a psychological and pedagogical concept are investigated. The idea of considering the creative potential of university students, future teachers, as a pedagogical phenomenon is viewed in modern conditions. The authors have ranked the components of creativity and identified the components most susceptible to educational and pedagogical impact. Requirements for the social and pedagogical environment and forms of education that are most conducive to the development of creative potential are formulated.

Keywords: formation; creativity; potential; future teachers; high school; conditions and tendencies.

Теруге 17.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,83 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3882

Сдано в набор 17.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2020 г.

Электронное издание

6,83 Мб RAM

Усл.п.л. 28,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3882

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/>